

## **2018 жылға арналған Батыс Қазақстан облысы бойынша жер үсті көздеріндегі су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы ставкаларын бекіту туралы**

*Күшін жойған*

Батыс Қазақстан облыстық мәслихатының 2018 жылғы 28 қыркүйектегі № 19-4 шешімі. Батыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 18 қазанда № 5352 болып тіркелді. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облыстық мәслихатының 2019 жылғы 27 мамырдағы № 25-3 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Батыс Қазақстан облыстық мәслихатының 27.05.2019 № 25-3 шешімімен (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 9 шілдедегі Су кодексіне, Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Кодексіне (Салық кодексі), "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына сәйкес Батыс Қазақстан облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қоса беріліп отырған 2018 жылға арналған Батыс Қазақстан облысы бойынша жер үсті көздеріндегі су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы ставкалары бекітілсін.

2. Батыс Қазақстан облыстық мәслихатының 2013 жылғы 28 наурыздағы №7-2 "Батыс Қазақстан облысы жер үсті көздеріндегі су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы ставкаларын бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімде №3268 тіркелген, 2013 жылғы 27 сәуірдегі "Орал өңірі" газетінде жарияланған), Батыс Қазақстан облыстық мәслихатының 2015 жылғы 9 қыркүйектегі №27-2 "Батыс Қазақстан облыстық мәслихатының 2013 жылғы 28 наурыздағы №7-2 "Батыс Қазақстан облысы жер үсті көздеріндегі су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы ставкаларын бекіту туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімде №4096 тіркелген, 2015 жылғы 28 қазанында "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

3. Батыс Қазақстан облыстық мәслихаты аппаратының басшысы (А.Сұлтанов) осы шешімнің әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін,

Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде және бұқаралық ақпарат құралдарында оның ресми жариялануын қамтамасыз етсін.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрағасы*  
*Облыстық мәслихат*  
*хатшысы*

*И. Илимисов*

*М. Құлиар*

Батыс Қазақстан  
облыстық мәслихаттың  
2018 жылғы 28 қыркүйектегі  
№ 19-4 шешімімен бекітілген

**2018 жылға арналған Батыс Қазақстан облысы бойынша жер үсті көздеріндегі су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлемақы ставкалары**

№	Арнаулы пайдаланудың түрі	су	Өлшем бірлігі	Төлем ставкалары (теңге)
1	Тұрғын-үй және коммуналдық қызметтер	пайдалану	1000 тек.м	95,753
2	Өнеркәсіп, энергетикасын есептегенде	жылу қоса	1000 тек.м	273,952
3	Ауыл шаруашылығы		1000 тек.м	77,133
4	Су көздерінен су алуды жүзеге асыратын шаруашылықтары	тоған	1000 тек.м	74,473
5	Су көлігі		1000 т.км	9,31

Аббревиатуралардың толық жазылуы:

тек.м—текше

метр;

т.км—тонна километр.